

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨСІМІ

Маулен Айғаным

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

Философия және политология факультетінің 1 курс PhD докторанты

Қазақстан, Алматы қаласы, [aiganym.maulen1995@gmail.com](mailto:aiganym.maulen1995@gmail.com)

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Қазақстанның тәуелсіздік алған кезден бастап этнодемографияның жағдайы көрсетілген. Статистикалық мәліметтер мен тарихи деректер арқылы талдау жүргізіп, этностардың ел ішіндегі маңыздылығы талқыланған. Халық санағы бойынша ұлттардың өсімі мен татулығы айқындалған.

Тәуелсіздік алған жылдары Қазақстанның қиын кыстау кезеңнен шығып, әлемдік аренаға қосылуына экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайдан бөлек этнодемографиялық жағдай елдің дағдарыс кезеңінен шығуы және әлемдік аренада жағымды имидж қалыптастыру үшін үлкен маңызға ие болды.

**Тірек сөздер:** этнодемография, этнос, статистика.

Егеменді ел болып, тәуелсіздік ірге тасымыз қаланып жарқын болашаққа қадам басқанда Қазақстанның алдында біраз қиыншылықтар бастау алды. ҚР тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзі: «Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, енді сол күнге де жеттік... Тәуелсіздік табалдырығында тұрған осы жан тебіренер сәтте қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жолында бас тіккен азаматтардың, солардың қатарында бұл күнге жете алмай, туған Қазақстанның егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болғанын көре алмай өмірден өткен желтоқсан құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды парыз санаймын... Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең—байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмашыл, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін» деп айтып кеткен [1, 3-б.]. Бұл сөз жолдарынан Қазақ елінде көптеген ұлт өкілдерінің бір шаңырақ астында татулықпен біріккендігі белгілі.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ қазақ елінің Ресей империясының құрамына кіргеннен бастап этностардың араласуы басталды. 1897 жылғы Ресей империясы халқының есеп-санағы деректері бойынша Қазақстан аумағында үш аса ірі этникалық топтар ерекшеленді: халықтың 81,7% құрған

қазақтар, орыстар - 10,9 және украиндықтар -1,9%. [2, 64-б.], яғни Оңтүстік, Батыс және Орталық аймақтарда қазақтардың басымдығы сақталып, Солтүстік және Шығыс аймақтарда славян, басқа этнос өкілдері көп шоғырлана бастаған кезең. Екіншісі, Кеңес заманы кезіндегі 1917-1991 жылдар аралығындағы этностар саны қатты өзгеріске ұшырады, яғни негізгі қазақ халқының саны азайып, басқа ұлт санының көбеюіне алып келді. Бұл қазақтардың талай ашаршылықты, қуғын-сүргінді, әліппенің үш рет өзгерген, сырттан көші-қонның ірі-ірі толқындары елдегі демографиялық ахуалды күрт өзгерткен және тағы басқа да келеңсіз жағдайлардың салдарынан қазақ ұлтының өзі ата қонысында азшылыққа айналған тұсы. Үшінші дәуір - 1991-2009 жылдар, қазақтардың өз елінде біртіндеп, көпшілікке айналуы. Бұл дәуірді де екі кезеңге бөлуге болады: 1-кезең - 1991-1999 жылдар - қазақтардың үлесі республика халқының жартысынан асқан кезең (40%-дан 53,4%-ға жеткен кезең). 2-кезең - 1999-2009 жылдар - қазақтардың өз елінде басым көпшілікке айнала бастаған (53,4%-дан 63,7%-ға дейін өскен) кезеңі. Бұл кезең енді ғана басталды, әрі қарай жалғаса береді [3, 2-б.].

КСРО ыдырағаннан кейін құрамындағы республикалар өз тәуелсіздіктеріне ие болды. Осының нәтижесінде күрделі демографиялық өзгерістер мен көші-қон толқындары пайда болды. Мұндай жағдайды егеменді еліміз – Қазақстан Республикасы да бастан кешірді. Бұл кезеңдегі демографиялық процестердің негізгі ерекшелігі – халықтардың жалпы санының кемуі, өлімнің көбеюі, бала туудың азаюы осының нәтижесінде табиғи өсімнің құлдырауы. Осы келең алған теріс бағыттарға қоса, республикадан алыс және жақын жерлерге бағыт алған көші-қон толқындарының кең өрістеуі де халық санын күрт төмендетіп жіберді. Қазақстан халқы Ресейге бодан болғаннан бастап, Кеңес заманында да негізінен сырттан келген келімсектер көші-қон нәтижесінде өсті. Халық санағы бойынша, тәуелсіздік алған жылдан соң алғашқы санақ 1999 жылы болды.

Кесте 1 - Салыстырмалы кесте (1999-2009)

Ұлт	1999 жыл	2009 жыл
қазақтар	7 985 039	10 096 763
орыстар	4 479 620	3 793 764
өзбектер	370 663	456 997
украиндар	547 052	333 031
ұйғырлар	210 365	224 713
татарлар	248 954	204 229
немістер	353 441	178 409
корейлер	99 665	100 385
түріктер	75 900	97 015
әзірбайжандар	78 295	85 292
белорустар	111 927	66 476
дүңгендер	36 945	51 944

күрдтер	32 764	38 325
тәжіктер	25 657	36 277
поляктар	47 297	34 057
шешендер	31 799	31 431
қырғыздар	10 925	23 274
башқұрттар	23 224	17 263
ингуштар	16 893	15 120
молдовандар	19 458	14 245
гректер	12 703	8 846
мордвалар	16 147	8 013
чуваштар	11 851	7 301
еврейлер	6 743	3 485
барлығы	14 953 126	16 009 597

Келесі санақ 2009 жылы жүзеге асты, салыстырмалы қарайтын болсақ 10 жыл ішінде Қазақстанда қазақ ұлтынан басқа түркі текте мұсылман ұлттарының саны көбейген, ал керісінше славян ұлттарының, мәселе орыстар, белорустар, молдавандар санының азаюын көрсетіп отыр (Кесте-1).

Республикада қазақтардан басқа 131 ұлыстың өкілдері тұрады. 2013 жылы өткізілген халық санағының қорытындысы бойынша халықтың этноқұрамы келесідей болды: қазақтар - 65,2%, орыстар - 21,8%, өзбектер - 3%, украиндар - 1,8%, ұйғырлар - 1,4%, татарлар - 1,2% , немістер - 1,1%, корейлер - 0,6%, түріктер - 0,6% . [4, 110-б.].

Кеткендер ең алдымен европалық этнос өкілдері, оның ішінде әсіресе орыс, украин мен белорустар және немістер өз тарихи отандарына қайта оралды. Тек 1993-2004 жж. арасында көші-қон теріс айырымында орыстар саны 1 206,7 мың, немістер 531,2 мың, украиндер 177,5 мыңға дейін жетті. Жалпы 1991-2009 жж. теріс айырым бойынша 2 млн. 058 мың адам шетелдерге кетсе, соның басым көпшілігі Ресей мен Германияға барды, олардың 1 370 мыңы орыстар, 690,1 мың немістер, басқа ұлт өкілдері – 398,7 мың еді. Дегенмен көші-қонның да оң нәтижелері де болды – ол шетелдерге ауып кеткен отандастарымыздың өз еліне қайта оралуы еді. Бұл толқынмен келген оралман бауырларымыз Кеңес өкіметі дәуірінде аштық пен қуғын-сүргінге ұшырап, ауа көшкендер мен солардың ұрпақтары болатын. Жалпы тәуелсіздік жылдары ресми мәлімет бойынша 750 мыңдай қазақ өз Отанына оралды, оған еңбек етуге және оқуға келгендерді қоса есептесек, 1 млн-дай қазақ қайта оралған екен. Қайта оралғандардың басым көпшілігі Ресей, Қытай, Моңғолия мен Өзбекстаннан, ал қалғандары Түркіменстан, Ауғанстан, Түркия, Иран және т.б. алыс-жақын шетелдерден келгендер. Сөйтіп, көші-қон процестерінің қайта қалпына түсуі еліміздегі халық санының бұрынғы деңгейіне жетуіне әсер етті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары экономикадағы дағдарысқа байланысты, әлеуметтік қиыншылықтар көбейген кезде тұрғындардың табиғи өсімі құлдырап түсіп кетті. Осыдан кейін біртіндеп табиғи өсім қайтадан көтерілді. Табиғи өсімнің 90%

қазақтардың есебінен екенін ескерсек, ұлтымыздың өсуі кең, тура және даңғыл жолға түсіп, болашақта қазақтардың өсіп-өнуі қамтамасыз етіле бастағанын көреміз. 2009 жылы табиғи өсім 215 мыңдай болғанын ескерсек, келешектегі қазақтың саны өсе беретініне сеніміміз күшейе түседі.

Қорыта келе, тәуелсіздік алған жылдары Қазақстанның қиын кыстау кезеңнен шығып, әлемдік аренаға қосылуына экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайдан бөлек этнодемографиялық жағдайдың үлкен бір маңызы болды. Ұлттардың өз елдеріне кетуі, қазақ ұлтының оралман болып өз елдеріне келуі үлкен өзгерістер алып келді. Бірақ аталары мекен екен ұлт өкілдері Қазақстанның бір шаңырағының астында қалуға бел буды. Ата жұрт деп оралған қазақтар Түркия, Иран, Ауғанстан, Пәкістан, Өзбекстан және Қытай елінен келіп, этнодемографиялық өсімді біршама көтерді. Әлемде Қазақстан барлық ұлтты біріктіріп бейбітшілікте ұстау үшін Ұлттар Ассамблеясын жасады. Дегенмен, қазақ ұлтының этнодемографиялық дамуында әлі де қиындықтар кездесетіні айдан анық. Демографиялық өсім жағынан қазақтар мұсылман-түрік бауырларымыздан әлі артта қалып келеді. Себебі мұсылман қауымның сүннеті көбею болып табылады. «Көш жүре түзіледі» деп кезінде ата-бабаларымыз айтып кеткен. Тәуелсіздігіміз нық айқындалып, әлеуметтік-экономикалық жағдайымыз жақсарған сайын, ұлтымыздың, оның ұйытқысы – қазақтардың саны көбейетіні болашақтың сенімі.

#### ӘДЕБИЕТ

1 Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы.- Алматы: Раритет, 2010. – 448 б.

2 Асылбеков М.Х., Козина В.В. Демографическое развитие. – Алматы, 2011. – С. 64-65.

3 Асылбеков М., Асылбекова Ж. Қазақ ұлты: этнодемографиялық даму белестері "Егемен Қазақстан" - Кіру режимі: <https://abai.kz/post/9848> - Қараған күні 21.11.2020.

4 2018 Жылғы Қазақстан Республикасы халық санағы, Қысқаша қорытындылар: Статистикалық жинақ / Ред. басқарған Ә.А. Смайылов. - Астана, 2019. - 110 б.

#### REFERENCES

1 Ayagan B.G., Abjanov X.M., Maksat D.A. Qazirgy Qazaqstan tarihy. (Modern history of Kazakhstan). - Almaty: Raritet, 2010. - 448 p.

2 Asilbekov M.X., Kozina V.V. Demografithckoe razvitie. (Demographic development). – Almaty, 2011. – P. 64-65.

3 Asilbekov M., Asilbekova J. Qazaq ulti: rtnodemografıyalık damu belesteri. – (Kazakh nation: stages of ethnodemographic development). Egeмен Qazaqstan» - Kiru rejimi: <https://abai.kz/post/9848> - Qaragan küni 21.11.2020.

4 2018 Jılǵı Qazaqstan Respublikası halıq sanagı, Qısqasha qorytyndylar: Statistikalıq jınaq (Population census of the Republic of Kazakhstan for 2018, Summary: statistical collection ). / Red. basqargan A.A. Smayılov. - Astana, 2019. - 110 p.

#### ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ РОСТ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

Маулен А.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> докторант PhD 1 курса КазНУ им. Аль-Фараби,  
факультета философии и политологии

Алматы, Казахстан,  
[aiganym.maulen1995@gmail.com](mailto:aiganym.maulen1995@gmail.com)

**Аннотация.** В данной статье описывается состояние этнодемографии в Казахстане с момента обретения независимости. Важность этнических групп в стране обсуждалась посредством анализа статистических данных и исторических данных. Перепись показывает рост и дружбу народов.

За годы независимости Казахстан оказался в сложной ситуации. Помимо экономической, политической и социальной ситуации, этнодемографическая ситуация имела большое значение для выхода страны из кризисного периода и формирования положительного имиджа на мировой арене.

**Ключевые слова:** этнодемография, этнос, статистика.

## ETHNODEMOGRAPHIC GROWTH OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN

Maulen A.<sup>1</sup>

<sup>1</sup><sup>st</sup> year PhD student KazNU named by Al-Farabi,

Faculty of Philosophy and Political Science

Almaty, Kazakhstan,

[aiganym.maulen1995@gmail.com](mailto:aiganym.maulen1995@gmail.com)

**Abstract.** This article describes the state of ethnodemography in Kazakhstan since independence. The importance of ethnic groups in the country has been debated through analysis of statistics and historical data. The census shows the growth and friendship of ethnos.

During the years of independence, Kazakhstan faced a difficult situation. Apart from the economic, political and social situation, the ethnodemographic situation was of great importance for the country's recovery from the crisis period and the formation of a positive image on the world stage.

**Key words:** ethnodemography, ethnos, statistics.

Статья поступила 29.11.2020